



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№32 (836) Сәрсенбі 9 тамыз 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

СУ ТАСҚЫНЫНА ДАЙЫНДЫҚ ЖАЙЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ



ҚР Премьер-министрі Ә.Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында су тасқынына дайындық, ҚР Көші-қон саясаты тұжырымдамасын іске асыру барысы талқыланды.

Жиынан соң облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Үкімет басшысының тапсырмаларын іске асыру жөнінде мәжіліс өткізіп, жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырма берді.

«Жалпы 2022-2023 жылдардағы су тасқыны кезеңін елеусіз шығынмен өткізді. Нақты айтсақ, облыстық маңызы бар «Жалағаш-Жосалы» тас жолының 42 шақырымындағы автожол

көпін су шайды. Салдарынан екі аудан арасындағы жол қапынасы үзілген болатын. Көпінді қалпына келтіруге қажетті қаржы бөлінді. Қазір су тапшылығын болдырмау мақсатында көршілес Өзбекстан Үкіметімен келіссөздер жүргізілуде. Қыста «Шардара» су қоймасына өте көп мөлшерде су тасталуы мүмкін. Алдағы болуы ықтимал су тасқынына дайындықты қазірден бастап

жүргізуіміз керек», - деді аймақ басшысы.

Бүгінде жұмыс тобы су шаруашылығы нысандарына зерделе жұмыстарын жүргізді. Жөнелуді қажет ететін 26 учаске анықталды. Осыған сәйкес, Қызылорда қаласы және аудан әкімдері өз аумақтарындағы анықталған учаскелерді қатаң бақылауға алып, аса қауіпті тұстарға осы бастан нығайту жұмыстарын жүргізуі керек. Сондай-ақ су тасқынына қарсы материалдық-техникалық қордың қажетті көлемін қалыптастыру тапсырылды. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына «Қазушар» облыстық филиалымен бірлесіп,

магистралды каналдар мен көлдер жүйелеріне түгендеу жұмыстарын жүргізіп, келетін мол суға сәйкес су алу кестесін жасау жүктелді. Ал облыстық экономика және қаржы басқармасы облыс әкімі аппаратымен бірлесіп, «2021-2023 жылдарға арналған су тасқыны қауіпінің алдын алу және жою жөніндегі шаралар кешені» Жол картасы бойынша бюджеттік өтім берілген 5 ірі жобаға республикалық бюджеттен қаржы бөлінуін Төтенше жағдайлар және Қаржы министрліктерінен пысықтауы керек.

Күн тәртібінің екінші мәселесі - көші-қон саясаты тұжырымдамасын іске асыру бойынша облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына бірқатар тапсырма берілді. Басқарма шетелдік жұмыс күшін тарту және еңбек иммигранттарына бөлінген квотаның толық орындалуын қамтамасыз етіп, 2024 жылға қажеттілікке қарай квота бөлу бойынша уәкілетті органға ұсыныс беруі керек. Облыстық қоғамдық даму басқармасы Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерімен бірлесіп, халықты солтүстік өңірлерге қоныстандыру бойынша кеңінен түсіндірме жұмыстарын жүргізуі тиіс. Ал облыстық полиция департаменті уақытша тіркелген шетел азаматтардың облыс аумағында заңсыз жүрмеуін қатаң бақылауға алып, қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиісті шараларды атқаруға жауапты.

«Ел тілегі» ақпарат

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

БІЛІМ
НЫСАНДАРЫН
ЖАҢҒЫРТУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ
ТАЛҚЫЛАНДЫ

2-бет

НҰРДЫҢ ҰЯСЫ
КӨЗДІҢ ЖАНАРЫ



3-бет

БАЛАБАҚША ПЕДАГОГТЕРІНІҢ ЖАЛАҚЫСЫ 30 ПАЙЫЗҒА АРТАДЫ

Биыл қыркүйекте балабақша педагогтерінің жалақысы 30 пайызға артады. Бұл туралы Оқу-ағарту министрлігі Мектепке дейінгі білім департаментінің директоры Наталья Жұмаділдаева айтты.

«Білім сапасы педагогтердің кәсіби құзіреттілік деңгейіне тікелей байланысты. Республиканың мектепке дейінгі ұйымдарында 98 мың педагог жұмыс істейді. Олардың 65,3 мыңының жоғары, ал 31 мыңының техникалық және кәсіптік білімі бар. Ауылдық

жерде – 41 596, қалалық жерде – 55 811, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымда 58 203, жекеменшік мектепке дейінгі ұйымда 39 714 педагог еңбек етіп жүр. Мемлекет басшысы тәрбиешілердің мәртебесін көтеру, кәсіби әлеуетін арттыру және жалақысын көтеру

міндетін қойды. Биыл мектепке дейінгі ұйымдардың 20390 педагогтерінің біліктілігін арттыру жоспарланған», - деді ол Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында.

Оның атап өтуінше, соңғы төрт жылда тәрбиешілердің жалақысы кезең-кезеңімен 25 пайызға өсті. 2023 жылдың қыркүйегінен бастап жалақы тағы 30 пайызға өсетін болады. Сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үздік тәжірибелерін тарату үшін 79 мектепке дейінгі ұйымдарда тұрақты негізде «Құзыреттілік орталықтары» жұмыс істейді.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ 209 АЗАМАТ АВТОКӨЛІКТІ МАСАҢ КҮЙІНДЕ ТІЗГІНДЕГЕН

Жүргізушілердің арасындағы ең көп таралған әкімшілік құқық бұзушылықтардың бірі көлікті мас күйінде жүргізу екендігі бәрімізге мәлім.

Осы ретте, Қызылорда қалалық Полиция басқармасының қызметкерлері жол-көлік апаттарының алдын-алу мен жолда жүру ережелерін өрескел бұзушыларды анықтау мақсатында тұрақты түрде рейттік іс-шараларды өткізіп келеді. Осындай рейдтерге күн-түн демей шыққан патрульдік полиция қызметкерлері жыл басынан бері мас халде көлік басқарған 209 жүргізушіні ұстады.

Заңбұзушыларға Қазақстан Республикасының Әкімшілік Құқық Бұзушылық туралы Кодексінің 608-бабының 1-бөлігімен тәртіп бұзған 201 азаматқа хаттама толтырылып, мас халде автокөлік басқарғаны үшін 7 жылға жүргізуші куәлігінен айыру және 15 тәулікке қамауға алу шарасы көзделген.

Көлік басқару құқығы жоқ көлік жүргізушісі, автокөлікке қайталан масан күйде отырып, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 346-бабы 1-бөлігі (Көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған және алкогольдік, есірткілік және (немесе) масан күйдегі адамның көлік құралын басқаруы) бойынша 8 азамат Полиция басқармасының уақытша ұстау абақтысына қамалып, автокөліктері айып тұрағына қойылды.

«ҚАУІПСІЗ ҚАЛА» АҚЦИЯСЫ ӨТТІ



Осыған орай, «Қауіпсіз қала» акциясы аясында тұрғындар көп баратын жағажай демалыс орындарында ескертпе ұнпарактары таратылып, К.Бәйсейітова көшесінің бойында орналасқан сарқырама маңына ескертпе тактайшасы орнатылды.

«Жастар рухы» жастар қанатының ұйымдастыруымен бастау алған «Қауіпсіз қала» акциясының мақсаты – бала қауіпсіздігі үшін қала аумағындағы ашық жатқан люктерге, аулалардың жарықтандырылуы, үй жағдайында газ балондарының дұрыс орналасуы, қозғалыс мектеп жанындағы жаю жүргінші жолы, су айдындарындағы қауіпсіздік және комелет жасқа толмаған балалардың түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуына рейд жұмыстарын жүргізу.

«Қала көлемінде суда орын алған қайғылы жағдайларға жасалған талдау көрсеткендей, негізгі себептер судағы қауіпсіздік ережелерінің өрескел бұзылуы және су айдындарының жабдықталмаған жерлерінде суға түсуі екені байқалады. Осыған байланысты суға шомылу маусымында азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында рейттік іс-шаралар ұйымдастырылды.

Шараға қала әкімдігі, «Жастар рухы» жастар қанаты жанынан құрылған еріктілер мен қалалық полиция басқармасы қызметкерлері тұрақты қатысып тұрады. Аталған жұмыстар жыл сайын жалғасын табатын болады, - дейді Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының азаматтық қорғаныс тобының офицері лейтенант Бибырхан Бақдәулет Елубайұлы.

ЖАЛАҒАШ КЕНТІНДЕ ЖАҢА КӘСІПКЕРЛІК НЫСАН БОЙ КӨТЕРДІ

Жалағаш ауданының әкімі Жалағаш кентіндегі «Далида» сауда орталығының ашылу рәсіміне қатысып, жаңа кәсіпкерлік нысанның жұмысына сәттілік тіледі.

Аудан әкімі Жалағаш ауданы бойынша тіркелген кәсіпкерлік субъектілерінің саны ағымдағы жылдың басымен салыстырғанда 218 бірлікке немесе 8 пайызға артып, аудан тұрғындарының кәсіпкерлікпен айналысу деңгейі

жоғарылағанын жеткізді. Жыл басынан аудан бойынша 2 млрд. 202,4 млн. теңгені құрайтын 97 жоба қаржыландырылып, 127 адам жұмыспен қамтылған.

Көптің қалауымен ашылған жаңа орталық, жеке кәсіпкер Бакыткүл Ахметованың жалпы алаңы 360 шаршы метрді құрайтын «Далида» сауда орталығы. Жоба құны 100 млн теңгені құрайды. Оның ішінде 57 млн теңге «Ұлттық жоба»

мемлекеттік бағдарламасы аясында «Банк Центр кредит» АҚ арқылы жеңілдетілген пайызбен қаржыландырылған.

Сауда орталығында 16 шағын дүкен бар. Қарапайым халыққа қолжетімді бағада тауарларын ұсынатын болады. Заманауи үлгідегі сауда үйінде жылдың 4 мезгіліне де қолайлы, халыққа қызмет көрсету сапасы өте жоғары, аудандағы ірі сауда нысандардың біріне айналмақ.

СУҒА КЕТУ ДЕРЕГІ 3,8 ПАЙЫЗҒА АЗАЙҒАН

Жазғы маусымда азаматтардың суға кету оқиғаларының алдын алу мақсатында облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мамандары үздіксіз рейд жұмыстарын жүргізуде. Осы белсенді іс-шаралардың нәтижесінде су айдындарындағы қайғылы оқиғалардың саны бытырғы жылмен салыстырғанда 3,8 пайызға азайған. Дегенмен, сала мамандары суға түсу барысында сақтық шараларын қатаң сақтау керектігін ескертеді.

«Облыстағы су айдындарында тұрғындардың белгіленбеген аумақта суға түсуі салдарынан қайғылы оқиғалар жиі тіркеледі. Дегенмен, өткен жылмен салыстырғанда суға кету оқиғалары

3,8 пайызға азайып отыр. Жалпы судағы оқиғаларының негізгі себебі – қауіпсіздік ережелерін өрескел бұзуынан болып отыр. Атап айтқанда, өзен немесе каналдардың кез келген жерлеріне суға түсу, спирттік ішімдік ішіп қауіпсіздік ереже сақтамау, балаларды бақылаусыз қалдыру. Қазіргі таңда төтеншеліктердің қатысуымен су айдындарында 517 рейд өткізіліп, 36 мыңнан астам адамға қауіпсіздік ережелері түсіндірілді. Сонымен қатар, су айдындарында 63 қауіпті аймаққа 310 ескерту тактайшасы мен 68 билборд орнатылды», - деді облыстық ТЖД азаматтық қорғаныс басқармасы бастығының міндетін атқарушы Жаңдос Жүгінісов.

БІЛІМ НЫСАНДАРЫН ЖАҢҒЫРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Өткен аптада ҚР Премьер-министрі Ә.Смайыловтың төрағалығымен Президенттің сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі республикалық штаб отырысы өтті. Министрлер мен өңір әкімдері білім беру нысандарын жаңғырту бойынша атқарылған жұмыстарын баяндады.

Республикалық штаб отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Үкімет басшысының тапсырмаларын іске асыру жөнінде мәжіліс өткізіп, жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырма берді.

«Шағын қалаларда, аудан орталықтарында және ауылдарда жыл сайын мектептерді заманауи стандарттар бойынша жаңғырту мәселесі күн тәртібіне қойылған. Облыста өткен жылы 47 мектеп жаңғыртылды. Бұл мақсатқа облыстық бюджеттен 1 564 млн. теңге қаржы бөлінді, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілді. Биыл да 47 мектепті жаңғыртудан өткізуге бөлінген бюджеттен 529,5 млн. теңге бөлінді. Барлық жұмыстар жаңа оқу жылына дейін толық аяқталуы керек. Жаңа оқу жылы жоспарлы түрде, еш кедергісіз басталуы тиіс», - деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, Арал ауданында 7, Қазалыда 7, Қармақшыда



6, Жалағашта 6, Сырдарияда 6, Шиеліде 6, Жаңақорғанда 9 мектеп жаңғыртылмақ. Биылға жоспарланған 47 мектепке ағымдағы жөндеу жүргізу, 24 мектепке пәнді кабинет, көркем әдебиеттер алу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіледі.

Мұнан бөлек, жиында мектептерге қажетті құрал-жабдықтар мен техникалар сатып алу мәселесі қаралды. Мемлекет басшысының 7000 заманауи робототехника, химия, биология, физика, STEM кабинеттерін ашу жөніндегі тапсырмасына сәйкес 2021 жылы 56, былтыр 63 кабинет алынды. Қазір 46 кабинет бойынша жеңімпаздар анықталып, қажетті құрылғылар жеткізіліп орнатылуда.

Білім беру ұйымдарын

қауіпсіздік құралдарымен жабдықтау талабына сай барлық білім беру ұйымдары бейнебақылау жүйесімен 100% қамтылды. Қала, аудан орталықтарындағы білім беру ұйымдарының бейнебақылау жүйелері жедел басқару орталығына және полицияның кезекші бөлімдеріне қосылған.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша облыстық білім басқармасына мектептерді жаңғырту жұмыстарын жаңа оқу жылына дейін толық аяқтап, пайдалануға берілетін мектептердің ашылуын жоғары деңгейде ұйымдастыру тапсырылды. Облыстық полиция департаментімен бірлесіп барлық білім беру ұйымдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүктелді.

ШИЕЛІ АУДАНЫНДА 31 702 ГЕКТАРҒА ЕГІН ЕГІЛДІ

Биыл Шиелі ауданының ауыл шаруашылығы саласында 6 млрд 431 млн теңгенің өнімі өндіріліп, тиісті кезеңмен салыстырғанда 101,6 пайызға артқан. Сондай-ақ аудан бойынша 31 702 гектарға егін егілген. Ал негізгі дақыл күріштің үлесі - 13 189 гектар. Бұл туралы Қызылорда облысының өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен баспасөз конференциясында Шиелі ауданының әкімі Нұржан Ахатов мәлімдеді.

«Егін көлемінің артып отырғандығының бір себебі, биылғы жылы әр отбасының өзін-өзі әлеуметтік маңызды бар өнімдермен қамтамасыз ету үшін шаруашылық құрылымдарының демеушілігімен тегін егістік жері дайындалып, 1520 гектар жерге тұрғындар өздері егіс егіп, қыстық азықтарын қамтамасыз етуде. Осы жылдың 6 айында ауданның ауыл шаруашылығы құрылымдары тарапынан жаңадан техникалар алынып, ауданға 506 млн теңге инвестиция тартылды. Сонымен қатар, 5405 гектар жерге картоп, көкөніс, бақша дақылдары орналастырылды. Ал күріштің көлемі өткен жылмен салыстырғанда 2439 гектарға ұлғайды. Аталған дақылдан сапалы өнім алу үшін судың мол болуы маңыздылығын ескеріп,

қазіргі су тапшылығы орын алған тұста егіс алқаптарына 59 жерге насос қойылды. Осы насостармен қашықтардағы суды қайта пайдалану әдісімен су тапшылығының алдын алып келеміз. Сонымен қатар, «Олжа Агро» ЖШС-гі 1200 басты асыл тұқымды ірі қара малының тауарлы сүт фермасын ашу бағытында серіктестік басшыларымен келісімге келіп отырмыз. Ферма құрылысын Алғабас ауылынан салу жоспарлануда. Жем-шөп қорын дайындау мақсатында серіктестікке Дирменәу өңірінен көлемі - 2500 гектардай жер телімі әзірленіп, бүгінгі таңда таңдалған жер телімінің топырақ зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ферма жұмысын бастағанда 80 адамға дейін жаңа жұмыс орыны ашылса, жем-шөп дайындау жұмыстарында тағы 100 ге жуық адам жұмыспен қамтылады деп күтілуде. Жоба аясында өзімізге 10 млрд теңге инвестиция тартылатын болады», - деді Нұржан Сәбитұлы.

Баспасөз конференциясында аудан әкімі азық-түлік бағасын тұрақтандыруды қамтамасыз ету үшін кемінде екі өнім сақтайтын қойма салу көзделгенін айтты. Қазірдің өзінде, Шиелі кентінде жобалық құны 170 млн теңге болатын сыйымдылығы 700

тонна көкөніс сақтау қоймасының құрылысы басталып, мұздатқыш құрал-жабдықтарды орнату жұмыстары жүруде.

«Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес тұрғындардың өзін-өзі азық түлікпен қамтамасыз ету, азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында биыл жоспардан тыс 1520 гектар қосымша жер дайындалып, 1390 отбасына үлестіріліп, оның ішінде 520 га жерге тамшылатып суару әдісі арқылы көкөніс-бақша егу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, аудан бойынша экспорттың әлеуетін арттыру бағытында, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің тауарларын сыртқы елдерге экспортқа жөнелту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Соңғы жылдары ауыл шаруашылығы экспорттың әлеуеті жыл өткен сайын артып келеді. Өткен жылы мамыр айында Қырғызстанға 20 тонна ақ күріш, Ресейге 421 тонна қарбыз, 275 тонна қауын, 330 тонна қызанақ экспортталды.

Ал, еліміздің басқа да облыстары мен қалаларына 18 500 тонна ақ күріш, 1 200 тонна қарбыз, 13 400 мың тонна қызанақ, 3 800 тонна қауын және 22 000 тонна жоньышқа шөбі жөнелтілген», - деді аудан әкімі Нұржан Ахатов.

Тамыз айының бірінші жексенбісі – «Көлік қызметкерлері күні» кәсіби мерекесіне орай салтанатты іс-шара өтті. Мерекелік жиынға облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов арнайы қатысып, барша сала қызметкерлерін кәсіби мерекімен құттықтады.

КӨЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ

Ол өз сөзінде көлік саласы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына айрықша үлес қосатын аса маңызды салалардың бірі екенін айтып, жолаушылар тасымалының жауапкершілігі әрдайым жоғары болатынын тілге тиек етті. Шара барысында бірқатар сала мамандары «Құрмет» грамотасымен және арнайы номинациялармен марапатталды. Айта кетейік, өңірдегі 212 елді мекенді, аудан және облыс орталығымен байланыстыратын 205 автобус бар. Сондай-ақ, Қызылорда қаласындағы қоғамдық көлік қызметін жақсарту мақсатында өткен жылы жана 150 дана автобус алыныса, осы жылы да қосымша 150 дана автобус алу бағытында жұмыстар белсенді жүріп жатыр.

Бұдан бөлек, Сырдария өзенінің сол жағалауында

қаламыздың кіре беріс қақпаларының бірі заманауи үлгідегі жана автовокзалмен толығын болады. Әуе көлігі саласында да бірқатар жұмыстар атқарылуда. Мәселен, «Болат Өтемурастов қорының» демеушілігімен шаһарда «Қорқыт Ата» әуежайының жаңа жолаушылар терминалы салу» жобасы іске асырылуда. Бұл жоба Қызылорда өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретіні сөзсіз. Бүгінде «Қазақстан Темір Жолы» компаниясымен бірлесіп Қызылорда қаласындағы өзіндік тарихи мәні бар темір жол вокзалы ғимараттары да қайта жанарғылуда. Осы арқылы жолаушыларға ыңғайлы жағдай жасалынабақ.

Қызылорда өңірлік коммуникациялар қызметі

ЖАСТАР АПТАЛЫҒЫ БАСТАЛДЫ

12 тамыз - Халықаралық жастар күні. Осыған орай, қала әкімімен жастар апталығы бекітіліп, 7-12 тамыз күндері аралығында жастар арасында түрлі шаралар ұйымдастырылады. Жастар күніне орай ұйымдастырылатын шаралар туралы баспасөз орталығында өткен брифингте «Qosyl» қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Алиби Басаров мәлімдеді.

Атаулы күнді мерекелеу 8 тамыздан бастап, яғни қала жастарының арасында тазалықты дәріптеу мақсатында «ЕСО Marathon» сенбілік акциясын өткізуден бастау алады. Акция барысында «Барлық игілік балаларға» жастар акциясы өтеді. Яғни қала аумағында жөндеуді

қажет ететін, балаларға арналған ойын алаңдарын қалыпта келтіру және көпшілік қайырымдылық шарасы болмақ.

Сонымен қатар, «Мүмкіндіктер керуені» шарасы өткізіледі. Шара барысында қаланың шет аймақтарындағы (Титов қыстағы, Шанхай мөлтек ауданы) жастар

мен тұрғындар үшін мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар бойынша көшпелі кеңес берілмек. Ал, 9 тамыз күні - «Atau City Mall» сауда үйі алдында шығармашыл жастар арасында «Qosyl Dance» заманауи би байқауы өткізіледі.

Аталмыш орында жұмыссыз жастар үшін «Мүмкіндіктер алаңы» бос жұмыс орындарының жәрменкесі өткізіледі. 10 тамыз күні - «Самғау» жастар сыйлығы аясында қала жастары арасында қала көлеміндегі құрылыс нысандарының басында «Тас қалаушылар» байқауы өткізіледі.

11 тамыз күні - «Qosyl» жастар орталығының спорттық алаңында (К.Байсейітова, 82 үй) қала және қалаға қарасты кент және ауылдық округтердегі

жастар арасында волейбол, үстел теннис және ұлттық спорт түрлерінен (арқан тартыс, тір тасын көтеру, қол күрес) сайыстар ұйымдастырылады.

- Жастардың қызығушылығына сәйкес 12 тамыз күні қалалық мәдени және демалыс паркінде заманауи DJ-лердің қатысуымен би кеші өткізіледі. Шара барысында белсенді жастар қала әкімінің арнайы алғыстарымен марапатталатын болады. Қала жастарын айтулы мерекемен құттықтай отырып, жастар күніне орай өтетін шаралар легіне белсене қатысуға шақырамын, - деді орталық директоры Алиби Төлепбергенұлы.

ШАҒАН АУЫЛЫНДА МАКАРОН ӨНІМДЕРІ ШЫҒАРЫЛМАҚ

Сырдария ауданының әкімі Берік Сәрсенбаев Шаған ауылына барып, елді мекендегі өндіріс ошағы ретінде салынып жатқан цех жұмысымен танысты. Ауылда «Шаған Жер» ЖШС егін

егумен айналысады. Серіктестікте жұмыстарды әртараптандыруға басымдық берілген.

Соның негізінде елді мекен орталығынан макарон өнімдерін шығаратын цех жұмысын іске

қосу жоспарланып отыр. Бүгінде өндіріс ошағы болатын нысанның ішкі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Серіктестік директоры Ж.Сыздықов «Шаған Қызылорда» макарон өнімдері

брендін таныту бағытында жұмыстар жасалып жатқанын атады. Аудан басшысы ауыл асақалдарымен бірге кәсіпкерлік нысан ішін аралап, жұмыстарына сәттілік тіледі.

«30 МЫҢҒА ЖУЫҚ ӨТІНІШ ТҮСКЕН»

Қызылорда облысында «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы бастау алған болатын. Тамыздың 1-нен бастап қыркүйек айының 30-на дейін жалғасатын акцияға басталғаннан уақыттан бері бүгінде облыс бойынша 29 774 балаға көмек көрсету жөнінде өтініш түсіп отыр. Қазіргі таңда құжаттарды қабылдау және сәйкестігін қарау жұмыстары жалғасуда.

Ағымдағы жылы берілетін материалдық көмектің мөлшері 40 567 теңгені құрайды. Сонымен қатар, облыста кәсіпкерлердің қолдауымен мектеп жәрменкелері ұйымдастырылады. 5-30 тамыз аралығында Қызылорда қаласы, Қорқыт Ата көшесі №55 мекен-

жайындағы «SMALL» сауда орталығы ғимаратының алаңында отандық тауар өндірушілердің жәрменкесі өткізіледі. Онда жеңілдетілген бағамен мектеп киімдері мен кеңсе тауарларын сатып алуға болады, - деді облыстық білім басқармасының

бала мен жасөспірімдері әлеуметтік қорғау бөлімінің басшысы Шолпан Жүнісова.

Айта кетейік, 16 жылы дәстүрлі түрде өткізіліп жатқан «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы биыл «Жақсылық жаса» ұранымен өтеді. Акция аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан сондай-ақ, асыраушысынан айырылған, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға әлеуметтік қолдау көрсетуге бағытталған.

Акция барысында көмекке мұқтаждар үшін облыстық білім басқармасы арнайы Call орталығын іске қосты. Барлық сұрақтар бойынша 60-54-58, 60-54-81, 87753706015 байланыс нөмірлеріне хабарласуға болады.



1248 ТАЛАПКЕР ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІН ТАҢДАДЫ

2023-2024 оқу жылына арналған мемлекеттік білім гранттарын беру конкурсының қорытындысы бойынша 1248 талапкер Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті білім беру гранттарының иегері атанды.

Өткен жылмен салыстырғанда грант алушылар саны 300-ге жуық адамға артты. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін 2020 жылы - 529, 2021 жылы - 795, 2022 жылы - 949 талапкер таңдаған болатын. Білім алушылардың жыл сайын артуына университеттегі білім сапасы мен материалдық-техникалық базаның жаңаруы ықпал етті. Атап айтсақ, Қорқыт

ата атындағы Қызылорда университеті QS рейтингі бойынша Азияның үздік университеттерінің ТОП-551-600 (570-орын), сондай-ақ Қазақстан Республикасының ТОП-10 үздік университетінің қатарына енді. Биыл университет QS-2023 халықаралық рейтингтік агенттігінің талдауы бойынша жаһандық рейтингтің ТОП-1200-1400 еніп, алғаш рет әлемдік тұғырға көтерілді.

Қазіргі уақытта Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде Оңтүстік Кореядағы Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университетінің жасанды

интеллект мектебін ашу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мектеп ашу «Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі жетекші университет» жобасы (LUPIC) аясында жүзеге асырылады.

Білім ордасында 26 ғылым докторы, 193 ғылым кандидаты, 43 PhD докторы, «Болашақ» халықаралық бағдарламасының 40 түлегі жұмыс істейді. Сонымен қатар, жыл сайын 25-тен астам шетелдік ғалым онлайн, офлайн түрде дәрістер жүргізеді. Университетке студенттерді қабылдау 2023 жылғы 25 тамызға дейін жүзеге асырылады.

АРАЛДА 2 ЖОБА АРҚЫЛЫ 268 АЗАМАТ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛДЫ

Қызылорда облысының өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Арал ауданының әкімі Серік Сермағамбетов 6 айдың қорытындысы бойынша ақпарат берді.

Арал ауданында «2021-2025 жылдарға арналған Индустриалық дамытудың тұжырымдамасы» аясында ауқымды жұмыстар қолға алынған. Жалпы құны 168,7 млрд теңгені құрайтын, іске

қосылғанда мынанан астам адамды жұмыспен қамтитын 9 жоба енгізілген болса, оның ішінде жалпы құны 3,6 млрд теңге болатын 2 жоба іске қосылып, 268 азамат тұрақты жұмыспен қамтылды. Атап айтқанда,

қуаттылығы 120 мың тонна ас тұзын өндіретін «Аралтұз» АҚ-ы мен жылдық қуаттылығы 120 мың тонна байытылған кварц құмын өндіретін «Арал кварц» ЖШС-нің жобалары тұрақты түрде жұмыс істеуде. Қазіргі таңда, бірінғай индустрияландыру картасына қосымша жалпы құны 7,2 млрд теңге болатын, іске қосылғанда 439 азаматты жұмыспен қамтитын 4 жобаны енгізу мақсатында тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Техника мен технология өмірімізді жақсартып, жұмысымызды жеңілдетті. Бірақ оның адам денсаулығына тигізетін зияны да көп болып тұр. Айталық, қазір өмірімізді компьютер мен смартфонсыз елестете алмаймыз. Ал бұл көз ауруларының көбеюіне себеп болып жатыр. Осы ретте көкейдегі сауалдарымызға жауап табу мақсатында дәрігер-офтальмолог Шайхы Мәлике-Маран Исламбекқызымен сұхбаттасқан болатынбыз.

НҰРДЫҢ ҰЯСЫ КӨЗДІҢ ЖАНАРЫ

-Сәлеметсіз бе, Шайхы Мәлике-Маран Исламбекқызы қазіргі таңда көз аурулары жиілеп кетті. Жасқа да балаға да қарамайды. Көз ауруларының жиі таралуының себебі қандай?
-Рас, кейінгі жылдары көз аурулары бар науқастардың саны расында көбейіп кетті. Сонымен қатар көз аурулары да жасарып барады. 40-45 жаста-ақ катаракта немесе глаукомасы бар науқастардың саны аз емес. Миопия да жасарды. Бұрын ең ертересі 5-6 жаста басталатын миопия, қазір өкінішке қарай баланың 3 жасында-ақ анықталатын мысалдар көп. Бұның бірінші себебі - көру жүктемесінің жалпы күшеюі. Балаларды мектепке ерте дайындау, жалпы білім беру реформасы, яғни мектептердегі бағдарламалардың қиындауы. Жалпы адамдардың, балаларымыздың компьютердегі, түрлі гаджеттердегі кино, видео, ойындарға құштарлығы. Сонымен қатар жиі кездесетін соматикалық аурулар да көз ауруларына себеп болады. Қоршаған ортаның ластану деңгейі де ұмытпайық.

-Біздің өмірдің ауа-райы деген жақ талғамайды. Бүлдіріштер арасында көз ауруларының қандай түрлері жиі кездесуі? Қандай белгілері бар? Жас аналарға алдын алу үшін қандай жол нұсқар елініз, қандай дәрі-дәрмектер қолданған дұрыс?
-Көз ауруларының түрлері көп. Оның ішінде жиі кездесетін көз ауруларына маусымдық аллергиялық конъюнктивит, астигматизм, миопия және гиперметропия жатады. Аллергиялық конъюнктивит - маусымдық көз ауруы. Ол көздің шырышты қабығының аллергиялық қабынуы болып табылады. Қазіргі кезде көзін тексеруге келетін он баланың тең жартысы конъюнктивитпен ауырады. Бұл маусымдық аллергиялық ауру болғандықтан кейін оны болдырмау мүмкін емес. Себебі ол қоршаған орта аллергиясы болып табылады. Аллергиялық конъюнктивиттің басты себебі - аллергиялар. Олар сан алуан. Шан-тозаң, гүлдер, тіпті жануарлардың жүні мен терісінің бөлшектерінен де пайда болуы мүмкін. Конъюнктивит көктем айларында басталып, тамыз-қыркүйекке дейін созылады. Оны жеңілдету үшін көзге арналған арнайы препараттар мен тамшылар тағайындалады.

Аллергиялық конъюнктивиттің туындауына жарық энергиясы, косметикалық және тұрмыстық заттар мен иондаушы сәулелер әсер етуі мүмкін. Алдын алу үшін аллергияны тудыратын заттармен байланыс мүмкіндігін төмендету керек. Аллергиялық конъюнктивит екі көзге де бірдей әсер етеді. Көздің қышуы және қызаруы, көздегі жану сезімі, қабақтың ісінуі, көздің суы жалпы белгілер осы. Аллергиялық конъюнктивиттен сақтану үшін алдын алу шараларын төмендетпей атауға болады. Тоzaң қарқынды және күн сәулелері жерге ең тік түскен кезде сағат 10.00-нан 17.00-ге дейін қажет болмаса күнге шықпау; Қошге шыққанда күннен қорғайтын көзілдірік, баскиім, қолшатыр қолдану; Үйде тозаң сүзгілері бар кондиционерлерді пайдалану; Тоzaң маусымында үй мен қолик терезелерін жабу; Химиялық заттар, бояу мен парфюмериядан аулақ болу; Жүнді

үй жануарларынан аулақ болу; Темекі түтінінен және дымқыл ортадан аулақ болу; Үйде шаң тұтағын кілем мен қалы сияқты заттарды қолданбау. Контактті линза пайдалануды уақытша тоқтату;
-Көз ауруларының көп таралған түрлері қандай?
- Жиі кездесетін көз ауруларының бірі - астигматизм, гиперметропия, миопия. Құрғаз көз синдромы. Астигматизм ол көздің анық көрмеуі. Яғни көз рефракциясының бұзылуы. Астигматизмді емдеу үшін көзілдірік қолданылады. Кей жағдайларда лазерлік және микрохирургиялық түзету жүргізіледі. Астигматизмнің алдын алу көздің арнайы жаттығуларымен және физикалық белсенділігімен алмастырылады. Бұл ауру түрі балаларда ерте мектеп жасында көрініс табады. Астигматизмге шалдыққан балалар әріптерді шатастырады және көру қабілетінің нашарлағанын өзі де сезіп, шағымданыуы мүмкін.

Гиперметропия (алыстан көргіштік) - әдетте бұл ауру көздің қарашығының дұрыс емес пішінімен байқалады. Гиперметропия үш дәрежелі болады. Оны емдеудің түрлі тәсілдері бар. Қазіргі кезде гиперметропияны емдеуге хирургиялық операциялар, термокератопластика, термокератокоагуляция қолданылады.

Көздің нашар көруін миопия дерті деп атайды. Ол туа бітпеді немесе уақыт өте келе пайда болуы да мүмкін. Көрудің нашарлауы көзге шамадан тыс артық салмақтың түсуінен пайда болады. Басты себептері - монитор алдында ұзақ отыру, телефонға телміру, бөлім жарығының дұрыс болмауы және жағандық, оқығанда дұрыс отырмау. Жалпы белгілері: баланың теледидар немесе кітапты өте жақыннан қарауы, жазуының өте нашар болуы, сабаққа деген зейінін төмен болуына да әсер етеді. Дерттің белгілері байқалған сәтте, бірден емделу керек. Олан бетер асқындырып алмас үшін көзілдірік немесе линза таққан дұрыс. Дәрі дәрмекті тек дәрігердің кеңесінен кейін ғана пайдалану керек. Жалпы дәрігер ретінде беретін кенесім - көзді жылына бірнеше рет тексеруден өткізіп отыру артықшық етпейді.

Құрғаз көз синдромы. Офтальмологтарға адамдар жиі «құрғаз көз синдромы» деп аталатын мәселелемен жүгінеді. Компьютерлерді, планшеттерді, телефондарды және басқа да гаджеттерді тұрақты пайдалану салдарынан көздің шамадан тыс талып кетуі осы дерттің туындау себебі болып табылады. Бұл жалғыз фактор емес, бірақ осы аурудың туындауына ықпал ететін ең кең таралған фактор. Адамның көзінде құрғақтық пен күйдіру сезімі пайда болады. Бұл жағдайда арнайы тамшылардың көмегімен көзді қосымша ылғалдандыруды қамтамасыз етуге болады. Құрамында гиалурон қышқылы бар Хило-Комод препараты ең үздік құралдардың бірі болып табылады. Сонымен қатар дәріханаларда Хило-Дуаль препараты да ұсынылады. Бұл құрамында гиалурон қышқылынан басқа тағы да бір құрамдас бөлік - эктоин бар препарат. Препаратты құрғақ көз синдромы кезінде де, сондай-ақ көздің аллергиялық тітіркенуі кезінде де қолдануға болады.

-Көзді күтудің қандай жолдары бар? Қандай

жаттығулар жасаған дұрыс?

-Көз ауруларының алдын алу үшін офтальмологқа міндетті түрде қаралып тұру керек. Сонымен қатар салауатты өмір салтын ұстауға тырысу керек. Көз ауруларын емдеу және асқынудың алдын алу үшін соңғы он жылдықта көптеген медикаментозды және арнайы жаттығулар да пайдаланылатын дәлелденді. Ең маңыздысы - офтальмологқа уақытты барып, тексеруден өту. Тіпті көзі ауырған адамдар емес, көзі ауырмайтын адамдар да баруы керек. Мысалы, 40-тан асқан адамдар немесе тұқымында глаукомасы бар адамдар офтальмолог қабылдауында жиі болғаны дұрыс. Тұрғындар арасында жиі байқалатын көз сырқаты - глаукоманы зерттеу және өз нәтижелерін салыстыру үшін екі іші қысымы жиі өлшену керек. Сонымен қатар көру жүйесінің динамика, көз түбі, көру қабілеті де тексерілуі қажет.

Көздің көруін жақсарту үшін арнайы көзге арналған жаттығуларды орындау керек. Мәселен:

1. Терезенің алдына терезе әйнегінен 30-35 см қашықтықта тұрыңыз.
2. Терезе әйнегінен 3-5 мм диаметр бір нүктені көзденіз, және де бір зағты көзбен белгілеңіз.
3. Көз алмасын сағат тілі бойынша және кері бағытта айналыңыңыз. Оған кейін жоғары-төмен, оң және солға қимылдағыңыз. Әр жаттығуды күніне 2-3 реттен, кем дегенде 6 рет қайталаңыз.
4. Алғашқы екі күнде жаттығуларды орындау ұзақтығы 3 минутты, одан кейінгі күндері 5-7 минутты құрайды. Жаттығуларды 15-20 күн үздіксіз 4 реттен қайталап жасап отырған абзал. Көзге арналған арнайы диета бар. Оны барлығымыз сақтауымыз керек. Құрамында А дәрумені бар тағамдарды көбірек қолдану керек. Ет, сүт тағамдарын жиі тұтыну қажет. Сонымен қатар, құрамында дәрумені бар арнайы дайын препараттар бар. Оларды да дәрігердің нұсқауымен қолдануға болады. Ең бастысы, әрбір жарыты сағат сайын көзді демалдырып отыру керек.

-Жалпы бұл ауру тұқым қуалайды ма?

-Әрине, көз ауруларының арасында тұқым қуалайтын түрлері де бар. Олар туа біткен катаракта, тұқым қуалайтын немесе туа біткен миопия, гиперметропия, астигматизм. Торлы қабаттың түрлі дегенеративті аурулары, торлы қабаттың ісігуі, яғни ретинобластома тұқым қуалайды. Ал ересектердің арасында кездесетін аурулардың бірі - біріншілік ашық бұрышты глаукома. Және басқа аурулар да бар.

-Балалардың ерте жастан көз әйнекке тәуелді болуына көзқарасыңыз қандай? Қызыл-орда қаласында шамамен алғанда орташа есеппен қанша бала көз әйнекке тәуелді?

-Біз қоршаған ортадағы ақпараттың 90%-ға жуығын көзбен қабылдаймыз. Себебі көз - адам жанының айнасы. Бүгінде техника мен технологияның дамыған заманы болғандықтан кейін адамдардың басым бөлігін көздері нашар көреді. Көзілдірік - көздің оптикалық кемістігін түзету, күн сәулесінен, шаң-тозаңнан, химиялық заттар әсерінен қорғау үшін қолданылатын құрал. Көзілдірік шыншысының



сәулені жинайтын (+) (алыстан көргіштікті түзету үшін) және сәулені шашырататын (-) (алыстан көрмеушілікті түзету үшін) түрлері болады. Көзілдірік екі жағы ойыс (-) не екі жағы дөңес (+) шыныдан жасалады. Көздің көруі өте нашарлағанда 2 - 3 қатар линзадан жасалған көзілдірік қолданылады. Кейбір адамдардың алыстан көргіштігі де, жақыннан көруі де нашарлайды. Мұндайда екі көзілдірік кимеу үшін жоғары бөлігімен алыстағыны, төмен бөлігімен жақындағыны көруге болатын шыныдан жасалған құрама көзілдірік беріледі. Жастың ұлғаюына байланысты (40-тан асқан адам газет, кітап оқу үшін) әр түрлі шынылы көзілдірік киюге тура келеді. Көздің көру кемістігін қалыптастыру үшін килетің көзілдіріктің қай түрін болса да дәрігердің нұсқауымен кию керек.

Көзілдірік кию немесе кимеу - әркімнің өз таңдауы. Сонда да балаларға әсіресе мектеп жасына дейінгі балаларға кеңес ретінде айтарым көзілдірікті тастамай қолдану керек Себебі кимгеннен балаларда амблиопия (жалқау көз) пайда болып кету пайда болып кету мүмкін. Ал жалпылама келетін болса сәл ғана алыстан көрмеушілік үшін көзілдірік кию керек. Бірақ, алыстан көрмеушілік (-3) болса көзінді бір нүктеге қалап қараудан басын ауырады, еңбекке деген бейімділігі төмендейді. Ал кейбір жағдайларда, көзілдірік немесе линза киген соң көзіннің көруі нашарлайды деп жатады. Себебі көзілдірік арқылы көруге көздер тез бейімділің алады. Сондықтан да, көзілдірікті үнемі тағып жүрудің қажеті жоқ. Тек қажеті қажет болған жағдайда, теледидар немесе компьютер алдында отырғанда таққан көзілдірікті мүлдем тақпай жүруге де болмайды. Себебі көзіннің көрмеу мүмкіншілігі арта түсуі мүмкін. Дұрыс респетпен таңдалған көзілдіріктің өзі сізге ыңғайсыздық тудыруы мүмкін. Көзілдіріктің сынуы, шынысының түсіп қалуы, булануы, көру аумағын шектеуі, мұрынның қырына батуы немесе оны ұмытып кетуі де мүмкін. Бірақ ескерілетін нәрсе, линзаның да, көзілдіріктің де емдік қасиеті жоқ. Алдыңғы жылдары өңірде 4,5 мың бала диспансерлік есепте тұрған болса, биыл олардың қатарына тағы 2 мыңдай жасөспірім қосылып отыр. Оның басты себебін балалардың гаджетке көп үйлендігімен байланыстырығым келеді. Жанарының көруі нашарлаған балалар тізімі ай сайын толықтырылып отырады. Күнделікті жұмыс барысында қос шырағынан ақау табылған шамамен 15 шақты бала қабылдаймыз.

-Бүгінде көптеген адамдар компьютермен жұмыс істейді, ал кейбіреулері тіпті күндіз-түні алдында отырады. Оқырмандарымызға зияндылығын тарқатып айтып бересіз бе?

-Бүгінде тексерілуге келетін балалардың 90 пайызының көздері нашар көреді. Оған ең басты себеп - көру гигиенасын сақтамау. Сондықтан офтальмолог белгілі бір шектеулі мерзімде ғана компьютер алдында отыруға, смартфон мен планшетті уақытпен пайдалануға кеңес береді. Бүгінде ғалымдар компьютерде отыру үшін шектеулі уақыт белгілеген. Жас ерекшеліктеріне байланысты 5-7 жас аралығындағы балалар компьютерді 10 минут қараса, ол қауіпсіз болып саналады. 8-11 жас аралығындағы балалар үшін 15 минут қауіпсіз, ал 12-13 жас аралығындағы жасөспірімдер компьютер алдында тек 20 минут қана отырулары керек. Әрбір адам 30-40 минут жұмыс істегеннен кейін, көзін міндетті түрде демалдыруы қажет. Ол үшін 10-15 минут аралығында көзге арналған түрлі жаттығулар жасау керек. Егер әрбір адам осы жаттығуларды үнемі жасайтын болса, көздің көру қызметі өз қалпын сақтап отырады. Білім беру мекемелерінде 45 минут дәрістен кейін міндетті түрде 10 минуттық үзіліс болады. Бұл да адам ағзасының шаршамауы үшін қарастырылған демалыс уақыты. Бүгінде көздің көргіштігін жақсартатын жаттығулардан өзге көздің айналасына жасалатын массаждың бірнеше түрлері бар. Көз массажы қан тамырларымызды ашып, оның көру мүмкіндігін арттырады. Көз массажы маңдайға, қастың жоғарғы жағы мен төменгі жағына және көздің айналасы мен көз алмасына жасалады. Сонымен қатар көздің көруін жақсартатын ғалымдар ойлап тапқан арнайы массаж жасауға арналған ультрадыбыстық, акупунктуралық тағы да басқа құрылғылар да бар.

-Адам жанарына қатысты сұрақ туындаған кезде қылылық туралы сұрамау мүмкін емес. Қылылық неден пайда болады? Жалпы қылылық емделеді ме?

-Туабітті кеселдерді айтпағанда, балалардың көзі гаджеттерге деген шексіз құмарлықтан құртынып жатқан емес. Ал дәрігерлер қылылықты жазуға болатынын, бірақ емін бастауды ұзата бермеуге кеңес береді. «Қылылықты косметикалық тұрғыда ғана емдеуді мақсат тұтпаймыз. Қатарлықтан құтыла отырып, көздің көру қызметін барынша жақсартуға әрекет жасаймыз. Қоршаған ортаны екі көзбен қабылдау қабілеті - медицина тілінде бинокулярлық стереоскопиялық көру деп аталады. Емдеу әдісін дұрыс таңдау үшін баланы мүмкіндігінше ертерек офтальмологке көрсеткен жөн. Көру анализаторының жоғары сапалы толық дамуына жағдай жасау үшін ең дер кезінде жүргізілуі керек. Бұл - өте маңызды. Өкінішке қарай, балаларды 7-8 жастан кейін емдегенде, тек көру өткірлігін сақтап қалуы көзделіміз. Мұндай жағдайда бинокулярлық көрудің толық дамуы туралы сөз қозғау қиын. Сондықтан есейіп қалған балалар емделуге келгенде, жақсы және тиімді нәтижеге қол жеткізу екіталай. Мұндай балаларды 7 жасқа дейін, яғни мектепке дейін бақылап, емдеуге тырысу қажет. Бинокулярлық бұзылумен байланысты көз жанарын түзету мектеп тапсырмалары, сабақ оқыған кезде де қиындықтар тудырады. Отасыз емдеуге

болатын қылылықтың түрлері көп. Сондықтан бұл тек хирургия арқылы дәрігерлер шешетін мәселе. Ал көзілдірік таңдау, аппараттық емдеу шеңберінде хирургиясыз-ақ тиімді емделетін қылылық түрлері бар»,- деді Алматы қалалық Балалар жедел медициналық жәрдем орталығының офтальмологі, Дүниежүзілік балалар офтальмологтері қауымдас-тығының мүшесі Ләззат Кейкина. Қылылықтың пайда болуына неврологиялық жағдайлар да әсер етуі мүмкін. Сондықтан орталық офтальмологтері невропатологтермен бірге жұмыс істейді. Қалыпты көру омыртқаның қурылымына тікелей байланысты екенін атап өткен жөн. Ал қылылық - балалардың омыртқаны дұрыс ұстай алмауының бір себебі.

«Қылылық» омыртқаға да қатты әсер етеді. Басты төмен қарап ұстауға мәжбүрлі болу омыртқаның саулығына ғана емес, жалпы құрылымына да кері әсер етеді. Сондықтан қылылықты неғұрлым ертерек емдесе, нәрестенің басын ұстауын қалпына келтіру оңайырақ. Сәйкесінше, омыртқаның жағдайы да жақсарды. Көбінесе «көздің қысық мойынды» шынайы қысық мойынмен шатастырады, көптеген остеопат көзді емдеу керек екенін ұмытып, кейде оны сәтсіз емдеп те жатады».

-Қазіргі кезде әсіресе қыздар қауымы әлемлікке құмар ғой. Көзге жасанды кірпік жалғатып мамандардың көмегіне жүгінеді. Жасанды кірпіктің көзге қаншалықты зияны бар? Қыздар қауымы осы тұрғыда нені ескеруі керек?

-Күнделікті денсаулықты сақтап, оны нығайтуда жеке бас гигиенасын сақтау секілді, адамның негізгі мүшелерінің бірі - көзді де қорғай білу қажет. Ең алдымен көзге бөгде заттардың түсуінен сақтану керек. Таңертен тұрғанда бетіңізді жуумен қатар, көзге сабын түсірмей жуу керек. Қазір кірпік жалғап алып, ол кірпігі түсіп қалады деп кейбір қыздар көздерін дұрыстап жумайды. Ол гигиенаға жапқайды және көздің жұмыс қабілетінің төмендеуіне әкеліп соғады. Конъюнктивит, блефарит, кератит, қасаң қабықтың күйігі сияқты асқынудың апаруы мүмкін. Сондықтан көз жанарын ерекше қорғауға кеңес беремін. Содан көзіміз шаршайды, бұлтыңғырланып ауыра бастайды.

-Өзіңіздің осы салада еңбек етіп келе жатқаныңызға қанша жылдың жүзі болды? Өзіңіз туралы айтып кетесіз бе?

-Мен 2017 жылы Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медициналық университеттің тәмамдадым. 2017-2020 аралығында қазақ көз аурулары ғылыми зерттеу институтының резидентурасын офтальмолог мамандығы бойынша бітірдім. 2021 жылдан бастап көз дәрігері болып қызмет атқарып келемін. Ересектер мен балалар арасындағы түрлі көз ауруларын тексеріп, алдын-алып жүрген мамандардың бірімін. Болашақта көз ауруларына қажетті препараттарды зерттеп оны нәтижелі қолдану жолдарын іздеп, медицинаға өз үлесімді қосам дегімін.

-Әңгіме барысында айтып қалдыңыз дәрігерлік жолды таңдауының да себебі бар деп. Осы саланы таңдауыңызға не себеп болды?

-Анам мен атамның және туысқандарымда тұқым қуалайтын глаукома ауруының болуы, сол кісілердің көздерінің көрмей қалуы осы салаға келуіме себеп болды.

-Сөз соңында оқырмандарымызға айтарыңыз болса?
-Максим Горький: «Көру қабілетінен айырылудан өткен қорқынышты нәрсе жоқ. Бұл - адам айтқысыз қасірет. Ол адамның сыртқы әлемінің оннан тоғыз бөлігін мақұрып қалдырады», - деп жазған еді. Сондықтан нұрдың ұясы көз жанарын сақтап, уақытында дәрігердің қабылдауына барып, көру гигиенасын сақтайық!

-Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Зиһаб Әліп

Сұхбаттасқан
Зиһаб Әліп

Сұхбаттасқан
Зиһаб Әліп

Сұхбаттасқан
Зиһаб Әліп

Сұхбаттасқан
Зиһаб Әліп

Сұхбаттасқан
Зиһаб Әліп

Сұхбаттасқан
Зиһаб Әліп

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БАРЫСЫНДА 85,6 МЫҢ БҰЗУШЫЛЫҚ ТІРКЕЛДІ

Бірінші жартыжылдықта медициналық қызмет көрсету барысында барлығы 85,6 мың бұзушылық тіркелді. Көбіне алғашқы медициналық-санитарлық көмек, консультациялық-диагностикалық қызметтер, стационарлық, стационарды алмастыратын көмек деңгейінде. Бұл туралы ӘМСҚ облыстық филиалының медициналық көмектің сапасын бағалау және шарттық міндеттемелердің мониторингі бөлімінің басшысы Гүлнара Кенжебаева хабарлады.

Спикердің мәліметінше, зертханалық талдаулар, дәрігерлердің кеңестері, түрлі аспаптық, диагностикалық зерттеулер жүргізу кезінде медициналық ұйымдар 290,3 млн теңгені құрайтын 81 657 бұзушылыққа жол берген. Көбінесе медицина қызметкерлері жүргізілген диагностикалық қызметтердің санын негізсіз көбейткен. Мысалы, бір зерттеу жүргізу кезінде екіден астам медициналық қызмет көрсетілген.

Сондай-ақ, Гүлнара Кенжебаеваның айтуынша, 16 медициналық ұйымда көрсетілмеген медициналық қызмет деректер анықталған. Осыған байланысты сарапшылар жалпы сомасы 22,4 млн теңгеге айыппұл салды. Антирейтингте Арал қоспалы орталық аудандық ауруханасы, Сырдария аудандық ауруханасы, №3, №4, №5 қалалық емханалары бар. Стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсететін ме-

дциналық ұйымдарда 434,6 млн теңгеге 4 мыңға жуық бұзушылық анықталды. Бұл бұзушылықтар негізінен Арал және Қазалы қоспалы орталық аудандық ауруханаларда. Аймақтық дәрігерлерді тексеру кезінде 55,8 млн теңгеге 2 250 бұзушылық анықталды. Себебі - медициналық көмек көрсету стандарттарын сақтамау. Ақаулардың ең көп саны Қазалы қоспалы орталық аудандық ауруханасында, №1, №6 қалалық

емханаларда анықталды. Егер сізде сапалы медициналық қызметтерді алуға қатысты сұрақтар туындаса, онда өз емханаңыздың Пациентті қолдау қызметіне хабарласуыңыз қажет. Егер мәселені сол жерде шешу мүмкін болмаса, онда Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына өзіңізге ыңғайлы тәсілмен өтініш беріңіз: fms.kz ресми сайты, 1406 байланыс орталығы, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы және Telegram-дағы SaqtandyruBot.

БАЛУАН ШОЛАҚ ЖАЙЛЫ БІЛГІҢІЗ КЕЛСЕ..



Қазақ қаласы ежелден батырларға бай болған. Оған батырлардың ерліктерін баян еткен халықтың аңыз-әңгімелері дәлел. Халықты өзінің қара күшімен ғана емес, композиторлығымен де тәңгі еткен Балуан Шолақ еліміздің мақтанышы, халқымыздың жарқын өкілі.

Балуан Шолақ Баймырзаулы – ағ үст ойының түрлі тәсілдерін меңгерген ерекше өнерпаз, күш өнерін көрсеткен спортшы, жауырыны жерге тимеген балуан болған.

Балуан Шолақтың шын аты – Нұрмағамбет Баймырзаулы. Жас күнінде сауағын үстігіп алуына байланысты халық «Балуан Шолақ» деп атап кеткен. 1864 жылы Мойынқұмның Хан тауының маңында дүниеге келіп, 1919 жылы қайтыс болған. Ақмола облысындағы Тасты өзенінің бойында жерленген.

Нұрмағамбеттің әкесі Баймырза балалары жас кезінде Көкшетау жаққа көшіп барған. Ол ағаштан бұйымдар жасап, соларды базарда сатумен табыс тапқан шебер болған. Баймырзаның еңбеккерлігі оның баласына өтеді. Бірақ Нұрмағамбет еңбеккерлікпен қоса, үлкен қара күшімен ерекшеленген. 1879 жылы Баймырза Үйсін ауылының тұрғындарымен бірге жыл сайын жазда Шортан өзенінің жағасында өтетін жәрмеңкеге дайындалады. Тері, жүн тиелген арба аулада дайын тұрады. Бірақ

жолға шығатын күні Баймырза сырқаттанып қалады. Ол базарға ересек ұлы Төлеубайды жібермек болады, бірақ ол ауылына оралып үлгермейді де, сөйтіп қалаға жас Нұрмағамбет баратын болады. Бойы орташа, бірақ кең иықты он бес жасар бозбала сырт киімі болмағандықтан әкесінің тонын киеді. Ол базарға туысы Мұқашпен бірге жіберіледі және оның қолына үйге қажетті тұрмыстық заттар алу үшін біррубль ұстастылады.

Таудың етегінде өтіп жатқан қанды базар Нұрмағамбетті таң қалдырады. Барлық жерде қызған сауда, айқайлаған делдалдар. Кенеттен Нұрмағамбеттің назарын айнала тұрған бір топ адам аударды. Қызық көргісі келген ол сол топқа жақындайды. Сөйтсе, онда бір пысық адам адамдарды шақырып, өзі ертіп келген балуанмен күресуге шақырып жатыр екен. Бәсеке бір рубль тігілуі керек, ол ақшаны жеңген адам алатын болады. Әрине, оңай табысқа батқысы келгендер жеткілікті, бірақ балуанды жеңген есімшік болмайды.

Нұрмағамбет өз күшін сынап көрмек болады. Әлгі орыс балуан алғашында оны баласының назар да салмайды. Бірақ тым белсенді бозбаланы бір қорқытып алғысы келген әлгі балуанның «келсең, кел» деген сөзінен кейін ол алға ұмтылады. Бірақ үстіне киген тонның етегіне аяғы шалынып, балуанның тура алдына барып құлайды. Туысы Мұқаш әлгі үйдің етегіне аяғы шалынып, балуанның тура алдына барып құлайды. Туысы Мұқаш әлгі үйдің етегіне аяғы шалынып, балуанның тура алдына барып құлайды. Туысы Мұқаш әлгі үйдің етегіне аяғы шалынып, балуанның тура алдына барып құлайды.

Түнде Нұрмағамбет дөңбекшіп ұйықтай алмайды. Ол орыс балуанның жеңе алатынын дәлелдегісі келеді. Таңертең тұра салып, Нұрмағамбет алаңға, әлгі балуанға тартады. Бозбаланы мұқатқысы келген балуан бәсеке бір теңге емес, сегіз теңге тігуді ұсынады. Ол кезде мұндай ақшаға сегіз қой алуға болатын. Мұқаштың айқайына құлақ

аспаған Нұрмағамбет шапанын шешеді, күресуге бел болады. Бұл жолы балуандың алдына жүгіріп баралы да, белінен ұстап, жерге алып ұрады. Мұндай қызықты көрген көрермендер шапанның үстіне ақша тастай бастайды. Теңгелерді жинап алған соң ол, кешегі ұтылған бір теңгені Мұқашқа қайтарады, сегіз теңгені санап алып, туыстарына сыйлықтар сатып алады. Ал қалған ақшаны ол кедей-кепшіктерге үлестіріп береді. Сол жылы базарға келген халықтың арқасында Балуан Шолақтың ерлігі алысқа тарайды.

Он төрт жасында күреске түскен Балуан Шолақ бірақ күреспен кәсіби айналыспайды. Ол серілік құрып, төңірегіне өнерлі жастарды жинаған. Көкшетау қаласында өткен бір үлкен жынында 51 пұт (830 кг тарта) кірдің тасын көтеріп, дүйім жұртты таң қалдырған. 1899 жылы 35 жасында орыс палуаны Иван Кореньмен күресіп, оның қабырғасын сындырған.

1913 жылы ата-бабасының туып өскен, кіндік қаны тамған Шу өңіріне келген. Осы сапарында Қордай даласында қой бағып жүрген Кенен Әзірбаев оның көптеген әндерін үйренсе, кейін танымал ақындар болған Жақсыбай Жантөбетов, Бармақ Мықанбайұлы, Сәрсен Жылысбаев, Сауытбек Ұсаұлы және басқа да өнерлі азаматтар онымен бірге ел аралаған. Шу ауданының Шоқпар стансасында тұрған Сәрсен Жылысбаев «Балуан Шолақ» дастанын жазып, онда өзі сыйласып өткен тулғанын өмір тарихын жырға қосты.

Балуан Шолақ Шу өңірінде болған сапарында көтерген салмағы 1050 кг. тартатын тас бүгінде аудандық тарихи оқиғаны мұражайының алдына қойылған. Сондай-ақ, Далақайнар өңіріндегі өзі аршыған тұнба әлі күнге дейін «Балуан Шолақ бұлағы» аталып келеді.

(Ақпарат дереккөзден алынды)

Туған жерінді сұраған жанға Қызылордадан екенінді айтса, бірден «ол жақ ыстық қой, жасыл желек атымен жоқ, ағаштар, талдар өспейді ғой» деп әзіл аралас шындықты айтып жатады. Иә, Сыр жерінде ми қайнатар ыстықтың болатынын жоққа шығара алмаймыз. Алайда жасыл желек жоқ дегенге қарсымыз. Мәселен, Арал ауданы құмның құрсауындағы елді мекен

жараланған батырды емдеп жазу үшін халық емшесі ауыл азаматтарына сарышұнақтың аузына қыстырып алып келген шөбін іздеп, табуы тапсырылды. Ауыл халқы тапсырманы орындап, сарышұнақтың тістеген шөбін алып келсе, ол осы қарапайым адыраспан екен.

Елімізде 6000-ға жуық өсімдіктің түрін кездестіруге болады. Оның ішінде бес

мен шарапқа араластыратын амал дәстүрлі ем-шараларда әлі күнге дейін қолданылады. Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баянында» Сырда өсетін өсімдіктер қасиеті ерекше аталады. Олардың қатарында адыраспан да бар. Тарихта Тарбағатай өңірінде ғұмыр кешкен Ырғызбай Досқанұлы емші бұл дәрілік өсімдік көмегімен Абайдың әкесі Құнанбайды ауыр дерттен жазып шығарған деген сөз бар. Қала берді Қап тауы жұрты адыраспанды ұйықтататын дәрі ретінде пайдаланған деседі. Ирак халқы оны «Урау Аспанд» деп атайды екен. Бұл «барлық ауруға ем» деген ұғымға саяды.

Қазіргі медицинада пайдаланатын дәрі-дәрмектердің 40 пайызы өсімдіктерден жасалады. Құрамында адыраспан қоспасы бар дәрілер қабыну, бас ауру, зәр айдауды жақсарту, іш ауруын алғашқы кезеңінде, тер шығару, ішек құрттарын өлтіру, орталық жүйке жүйесі жұмысын реттеп, жазуға жаратылады. Дәрігерлер энифалиг, эпилепсия, қалтырау салдарына ұсынады. Аталмыш шөптің емдік қасиеттері бұдан да көп.

Ескертіп айта кететін дүние: адыраспан улы болғандықтан, пайдалану мөлшерін сақтап, абайлап қолданған жөн. Әдетте емшілер дәрілік шикізат ретінде шілде айында гүлдеген кезінде жинап алады. Ол кезде оның тамырдан жоғары жағынан ұқыпты кесіп, енді пісіп-жетілген көрмендер қырдағы қылтыған қылықтың бәрін қасиетті деп таныды. Жусан да, сексеуіл де, тіпті шалбар балағын жыртар шенгелді де кастерлей білді. Қара шөпті кісідей көрді. Сертін орындамай селеуге де тимеген. Ара-тұра тобылғы кезіксе, әулие кезіккендей арбалды. Бажайлап қарасаңыз, мұның астарында тәрбие жатыр.

Тер шығару мен несеп айдауда адыраспанның пайдасы мол. Оның қабынуға қарсы қабілетін пайдаланып, ертеде бала көтермеген әйелдерді де емдеген. Тұнбасымен малярия, мерез ауруларын жазған, ірі қара малдарын қотырдан құтқарған. Көзі нашар көретін кісілерді адыраспанды бал

АДЫРАСПАННЫҢ АҚИҚАТЫ



болғанымен, табанынды күйдіретін ыстық топырақтың дертке пайдасы бір бөлек. Құмның беті ыстық болғанымен, білекке дейін қазып, аяғыңды салсаң сап-салқын. Қайран құмның тылсымы үстінде емес, астында жасырылғандай. Сонымен сексеуіл, жантақ, шырыш, шенгел, жусан, адыраспан осы аталғандар құмда қозы баққан баланың көзіне ілінер қыллық екені анық.

Қарапайым адыраспанның қаншалықты қасиетті өсімдік екенін білеміз бе? Біле білсеңіз, қазақ үшін киелі болғандықтан босағаға байлап, түпін түтетіпін адыраспан 60 пайыз микробты жояды екен. Адыраспанның адамға пайдасын халқымыз ықпалы заманнан білген. Бесікті түтінмен аластап, ауадағы түрлі микробтарды жою үшін пайдаланған киелі өсімдік бұл. Ал емдік қасиеті туралы тарихты ақтарар болсақ, Амангелді Иманов бастаған көтеріліс кезінде

жүздейінен дәрілік зат алынады екен. Соның бірі әрі бірегейі – адыраспан. «Ассалаумағалейкүм, адыраспан, Мені сізге жіберген Омар, Оспан» деген дұдадай сөз кастерлі шөптің серті екенін кейін білдік. Иә, баяғы көз көрмендер қырдағы қылтыған қылықтың бәрін қасиетті деп таныды. Жусан да, сексеуіл де, тіпті шалбар балағын жыртар шенгелді де кастерлей білді. Қара шөпті кісідей көрді. Сертін орындамай селеуге де тимеген. Ара-тұра тобылғы кезіксе, әулие кезіккендей арбалды. Бажайлап қарасаңыз, мұның астарында тәрбие жатыр.

Тер шығару мен несеп айдауда адыраспанның пайдасы мол. Оның қабынуға қарсы қабілетін пайдаланып, ертеде бала көтермеген әйелдерді де емдеген. Тұнбасымен малярия, мерез ауруларын жазған, ірі қара малдарын қотырдан құтқарған. Көзі нашар көретін кісілерді адыраспанды бал

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАНУАРЛАРЫНЫҢ ПАРАЗИТАРЛЫҚ АУРУЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛАЙЫҚ!

Паразитарлық аурулар дегеніміз не? Паразиттердің жануар ағзасына тигізетін зияны мен келтіретін шығынын білесіз бе? Жануарлар ағзасында гельминт (құрт), кене, жәндік және қарапайымдардың ықпалынан туындаған дерттерді инвазиялық немесе паразитарлық аурулар деп атайды. Паразит (тоғыштар) деген сөздің түпкілікті мағынасы – бір ағзаның екінші ағза ессенінен күнелтуі, яғни өзгенің есебінен күн көруі.

Сүтқоректілердің, құстардың кез келгенінде паразиттер кездеспейтін мүшелері жоқ деп айтуға болады. Оған мысалдар келтірсек: көзде – телязий, токскарис, мида – айналымның қоздырушысы, ауыз қуысында – бөгелек дернесілері (личинка) тоғышарлық тиришілік етсе, бауыр, бүйрек, ұйқы безі мен ас қорыту жүйесінің он бойы көптеген үлкенді-кішілі жұмыр, таспа, сорғыш, бөгелек құрттардың өкілдерімен, қан және лимфа айналым жүйесінің широплазмидийлер, тері-келер сыртық ортаға сан қилы жолдармен инвазиялық ауру қоздырушысы жұмыртқа, баланқұрт түрлерінде бөліп, ластайды да, бейім жануарларға азық, сумен, ауамен, тікелей жанасқанда тері арқылы беріледі.

Паразиттер жануар денесінің ішкі мүшелерінде кездесе – эндопаразиттер, ал сыртында болса – эктопаразиттер деп аталады.

Паразитарлық аурулар анықталғанда алғашқыда ауру есебінен мал ағзасын арылту қажет. Бұл мақсатта арнайы препараттармен: антгельминтиктер, инсектицидтер қолдануды қажет етеді. Сонымен қатар малды аурудан таза жайылымдарда бағу жайылымдарды уақытында ауыстырып отыру, малдың қиын арнайы қи қоймада залалсыздау жаталды.

Жануар организмі есебінен күн көретін паразиттер, жануардың жалпы күйін төмендетеді. Қоңы төмен жануардың ауруға қарсы тұру қабілеті нашарлап, мал азындап соңында экономикалық шығынға әкелі соқтырады. Паразитарлық аурулардан өлген жануарларға өтемақы төленбейді.

Паразитарлық ауруларды болдырмау ардын алу мақсатында көктем күзде паразиттерге қарсы мал иесі есебінен тиімділігі жоғары дәрілерді егу, ұнтақ беру, бөгелектердің балан құрт сатысына қарсы бүркіп шашу түріндегі түрлі қол жетімді бағада, ветеринариялық препараттар ұсына отырып, мал-жананымыздың амандығын тілеймін.

Жанақорған аудандық ветеринариялық станциясы



Көпшілікке кеңінен таныс тақия – барқыт, қамқа немесе оқалы паршадан жасалған жеңіл жазғы бас киім. Қыздар киген тақия – кестелеп, сырпы тігілген дөңгелек, жеңіл бас киім. Үкілі тақия қазақ қыздарының ерекше ұнатып киетін бас киімі. Ол ұлттық өрнек мәнеріне тігілуіне қарай әр түрлі болған. Қыздардың тақиясы қызыл, күлгін, жасыл тағы басқа түстермен, шұға, барқыт, мәуіті сияқты маталармен тігіледі. Түрлі-түсті моншақ-маржан, алтын, күміс теңгелер және асыл тастармен безендіріледі. Үкілің үшпідек қауырсынын әсемдік үшін тақияның төбесіне қалайды.

Ежелгі уақытта олардың шетін күндыз, қамшат, тін терісімен жіктеп тігіп, күміс және алтын тоқыма баумен әшекейленген. Күйеуге тиетін кезде дәстүр

бойынша қызға сәукелені, басқа да киімдерін әкесінің үйінде ұзатылар сәтте жеңелері арнайы келіп оң жақтағы үкілі тақиясының орнына кигізіп, енесінен байғазы алған. Жас келін түскен жерінде бір жылыға дейін желек жамылып жүреді. Қазаққа сонымен қатар «шарғы салу» деген салт бар. Ол бойынша ұзатылған қыз өзіне таяу сіндісіне басына тартатын орамалын «ендігі кезек сенікі, бақытыңды тап» деген ниетпен тарту етеді.

Ал бүгінде ше біз қайтып жүрміз? Бұрынғы тақияны сарықарын әйелдер емес, бүлдіршін қыздар мен тұрмысқа шықпаған бойжеткендер кигенін ұмытып кеттік. Әйел затының әр кезеңіне сай бас киімі болған. Қазақ бас киіміне қарап, қай тапқа, қай руға жататындығын және әйел затының тұрмысқа шықпаған

БАС КИІМНІҢ КИЕСІ МЕН ИЕСІ

Байқасаңыз, бүгінде тақия кию сәнге айналды. Кейінгі кезде көшеден төбесіне тақия қондырған талайды көзім шылып жүр. Тіпті балабақшадан бастап, қазақтың той-томалағында тақия киген нәзік жандарды кезіктіресіз. Алайда көпшілік арасында трендке айналған тақия киюдің өзіндік тәртібі мен талғамы барын ұмытып кеткенге ұқсаймыз. Себебі, қазаққа көз келген бас киімнің киесі мен иесі бар.

қыз, келіншек екенін бірден таныған. Қазақ қызы 3-18 жас аралығында яғни, бойжеткенше үкілі тақия киген. Бес жасқа толғанда құлағын тесіп, сырға тағып, шашын өріп, шолпы таққан. Тақия қызыл, алқазыл, күлгін, жасыл түсті барқыт тәрізді мағадан сырпы тігілген. Құлпырған қыздың ажарын аша түсетін тақия асқан ұқыптылықпен, зерлі тігспен, басқа да әртүрлі моншақтармен, күміс теңге, маржан тастармен әшекейленген. Үкілі тақия – қазақ қыздары ерекше ұнатып киетін бас киім болған.

Ал бойжеткен соң қамшат бөрік киген. Бөрікті ерлер де киеді, бірақ қыздар бөріккінің сырты мақпал, пүліш, барқыт сияқты қалыңдау, қымбат мағамен тастылып тігіледі, жиегі бағалы аң және мал терілерімен көмкеріледі.

Қыз ұзатылғанда басына сәукеле кигізіген. Ол ұзатылатын қыздың сұлулығы мен салтанатын, байлығы мен бағасын асыра түседі. Киелі бас киімдер қатарынан саналатын сәукеле – ертеден келе жатқан қалыңдықтың

негізгі атрибуты саналды. Қазақы дәстүрдегі сәукеле кигізу де ерекше салт. Қалыңдыққа сәукеле кигізу рәсіміне барлық құда-құдағилар шақырылып, ақ бата айтылып, жөң-жоралғы жасалып, сәукеле кигізуші «анна» байғазы алған. Жалпы сәукеле ең қымбат бас киім саналған. Тастармен көмкерілген кейбір сәукеленің салмағы жеті келіге дейін тарққан, – дейді этнографтар.

Ал орамал тағу тұрмысқа шықпандықтың белгісі. Ертеректе салт бойынша, балалы болғаннан кейін әйелдер кимешек киген. Кимешек кию – ана болғанның белгісі. Кимешек баланы емізгенде айналаға өңірін ашып көрсетпей, тәсті жауып тұрады. Ол кеуде, иық, жонды жауып тұратын, әйелдің бет-әлпеті анық көрініп тұратын киім.

Міне, әр бас киімнің өзіндік орны мен киетін адамы болады. Осыны естен шығармай, ескі салтты сақтап, естілікке бет бұрғанымыз жөн болар.

Ү.ЕРБОЛҚЫЗЫ



Республикалық "Ел тілегі" газетіне хабарландыру бергіңіз келсе, **8 771 693 31 81, 8 705 982 76 61** нөмірлеріне хабарласаңыз болады.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Бас редактор
Сыдықова
Жанар
ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті КР СТ ИСО 9001-2016 «Сана менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Қызылорда қаласы,
Байтұрсынов көшесі 46/36
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетінде жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9820 дана
Индекс 66503
Таспырыс №178

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/